

## Қымбат металдар және асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеудің мәселелері

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 20 қараша N 1580. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.11.06. N 1134 қаулысымен. ~P981134

"Қымбат металдар және асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2372 U952372\_ Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне қымбат металдар, асыл тастар және зергерлік бұйымдармен операцияларды іске асырумен байланысты қатынастарды реттеудің өкілетті органының міндеті жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі қымбат металдардың бастапқы саудаласуын ұйымдастыру және жүргізуді жүзеге асырады деп белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тазартылған қымбат металдарға бастапқы саудаласу жүргізудің Ережесі бекітілсін.

3. Қымбат металдар рыногын қалыптастыру және тазартылған қымбат металдар саудаласуын жүргізуге бақылау жасауды жүзеге асыру үшін қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Қымбат металдар жөніндегі ведомствоаралық кеңесі құрылсын.

4. "Қазақстан Республикасында қымбат металдарға есеп айырысудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 желтоқсандағы N 1431 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 48, 537-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 20 қарашадағы

N 1580 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында тазартылған қымбат

металдардың бастапқы саудаласуларын өткізудің

## Е Р Е Ж Е Л Е Р І

### 1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шикізаттан жасалып, тазартылған қымбат металдарды сатудың тәртібі мен шарттарын реттейді.

2. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

"Бастапқы саудалау" - Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шикізаттан жасалып, тазартылған қымбат металды бастапқы сатудың нысаны (бұдан әрі - саудаласу).

"Қолдағы қымбат металдар" - лицензиясы бар заңды тұлғалардың немесе оны өндірушілердің саудаласу кезінде қолында бар және олардың қолда бар екені құжаттармен ресімделген тазартылған қымбат металдар.

"Мерзімділік мәміле" - шартта белгіленген болашақтағы мерзімде тазартылған қымбат металдарды беру мәмілесі. Мерзімдік мәміле міндетті түрде алдын ала төлеммен қамтамасыз етіледі.

"Сатушы" - ұсынылған тазартылған қымбат металдарды иеленушінің құқығы бар, қымбат металдармен операциялар жүргізуге лицензиясы бар заңды тұлғалар мен жеке адамдар немесе тазартылған қымбат металдардың иеленушілердің тапсырмасы бойынша тазартылған қымбат металдарды сату-сатып алу жөніндегі делдалдық қызмет жүргізуге лицензиясы бар заңды тұлғалар.

"Сатып алушы" - сатушылардан тазартылған қымбат металдарды сатып алуға өкілеттігі бар заңды тұлғалар.

"Өкілетті орган" - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі.

"Саудалауды жүргізуші" - өкілетті органның сауда жүргізуді тікелей жүзеге асыратын өкілі.

"Сапалы Лондон жіберілімі" - Қымбат металдар рыногының Лондон

ассоциясының (ҚМРЛА) талаптарына сай және ҚМРЛА-да тіркелген таңбасы бар тазартылған қымбат металдың сапасын білдіреді.

### 2. Сауданың мәні

3. Сауданың мәні ҚМРЛА-ның талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы стандарттарына беретін қолда бар қымбат металдар, сондай-ақ осындай қымбат металдарды беру мерзіміне контрактілер.

4. Сауда мәмілелері үшін тазартылған қымбат металдардың саны

бойынша ең төменгі бөлігі құйма-кесек болып табылады.

3. Өкілетті орган және Бастапқы сауданы  
жүргізу жөніндегі комиссия

5. Өкілетті органның функциялары мыналар болып табылады.  
қымбат металдармен операцияларды лицензиялау (банк  
мекемелерінен басқа);

осы Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды әзірлеу және бекітуге  
енгізу;

сауда жүргізу үшін қажетті құжаттардың нысандарын дайындау;  
саудалауға қатысушылардың өкілетті өкілдерін тіркеу.

6. Саудаласудың жетекші органы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың, Экономика министрлігінің,  
Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, уәкілді банктердің, тазартылған қымбат  
металдарды өндіруші кәсіпорындардың өкілдерінен құрылған Бастапқы  
саудаласуды жүргізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) болып табылады.  
Комиссияның құрамын өкілетті орган бекітеді. Комиссияның функциялары  
мыналар болып табылады:

Өкілетті орган бекіту үшін саудаласуды жүргізу процедурасын,  
оған өзгертулер мен толықтыруларды әзірлеу және ұсыну;

саудаласуды жүргізу үшін қажетті құжаттарды әзірлеу және  
нысандарын бекіту;

көлік тасымалына жеңілдікті баға белгілеу, ҚМРЛА-ға дейін  
(Лондон) және "Сапалы Лондон жіберілімі" мәртебесінің жоқтығын  
сақтандыру;

алдын ала берілген өтініштерді жинау және өңдеу;

саудаласу жүретін күнін, уақытын және орнын айқындау;

саудаласуды дайындау және жүргізу;

саудаласуға қатысушылар ұсынған құжаттардың дұрыс ресімделуіне  
бақылау жасау;

мәмілелерді тіркеу;

саудаласуға қатысушылардың есеп айырысуды уақытылы іске  
асыруына бақылау жасау.

4. Саудаласуға алдын ала өтініштер берудің тәртібі  
Қолда бар металдар мәмілесі үшін алдын  
ала өтініштер берудің тәртібі

7. Саудаласуға қатысу үшін сатушылар мен сатып алушылар Комиссия белгілеген нысан бойынша сатуға және сатып алуға алдын ала өтініштер береді.

8. Сатуға өтініштердің барлық түрлерінде мынадай құжаттар ілесіп жүруі тиіс  
:

тауардың сапасы және шыққан тегі туралы арнайы мақсаттағы;  
арнайы мақсатына сәйкес тауардың қолда бар екені туралы

өкілетті сақтау орнының немесе өкілетті банктің растамасы.

9. Саудаласуға қатысушылардың өкілетті өкілдері өтініштерді Комиссияның шабарманы арқылы бере алады, мұның өзінде бұл ақпарат құпия болып табылады және жариялауға болмайды.

Шұғыл мәмілелерге алдын ала өтініштер берудің тәртібі

10. Бастапқы саудаласуда жіберілімге алдын ала ақы төлеу шартымен тазартылған қымбат металдарды белгілі бір кезеңде сатуға шұғыл контрактілер бойынша саудаласу жүргізіледі.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.21. N 1360  
қаулысымен.

P971360\_

11. Шұғыл контрактілер бойынша тазартылған қымбат металдар сату және сатып алуға Комиссия бекіткен нысанда алдын ала өтініштерді сатушылар мен сатып алушылар Комиссияға тапсырады.

12. Шұғыл мәмілелер бойынша өтініштердің барлық түрлерінде мынадай құжаттар мен ақпарат ілесіп жүруі тиіс;

металдардың сапасы мен шығу тегі туралы деректер;

шұғыл контрактіде белгіленген кезең ішінде жіберудің кестесі;

контрактінің мерзімі;

контракті құнының процентімен белгіленген алдын ала төлемнің

мөлшері.

13. Шұғыл контрактілерге өтініштерді саудаласуға қатысушылардың өкілетті өкілдері Комиссияның шабарманы арқылы бере алады, мұның өзінде бұл ақпарат құпия болып табылады және жариялауға болмайды.

5. Бастапқы саудаласудағы бағаны белгілеу тәртібі

Қолда бар металдар мәмілелері бойынша

баға белгілеу тәртібі

14. Қолда бар қымбат металдардың ұсыным бағасын сатушы белгілейді.

15. Бір трой унциясы үшін алдыңғы жұмыс күніндегі ҚМРЛА-ның фиксингі ( кесімді баға) қолда бар қымбат металдарға ұсынымның бастапқы базалық бағасы болып табылады (алтын, платина және палладий үшін - таңертеңгі фиксинг), ҚМРЛА-ның орнына жеткенге дейінгі көлік тасымалының жеңілдікті бағасы мен "Сапалы Лондон жіберілімі" мәртебесі жоқтығы үшін сақтандыру құны шегеріліп, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің АҚШ долларына ағымдағы ресми бағамы бойынша теңдеуге аударылады.

16. Жеңілдікті бағаның мөлшерін Комиссия қолданыстағы тарифтер мен бағаларға қарай белгілейді.

17. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық пен Ұлттық Банкінің сатып алудан бірінші бас тарту құқығын іске асыру үшін ғана бастапқы базалық ұсыным бағасы белгіленеді. Осы құқығы іске асырылғаннан кейін саудаласудың бағасы бастапқы базалық баға деңгейіне жеткенге дейін олар саудаласуға қатысушылардың барлығы үшін бірдей шарттармен қатысады. Егер саудаласудың бағасы бастапқы базалық бағадан төмен түссе, онда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық тағы да баға төмендеген әрбір сатыда бірінші бас тарту құқығына ие.

6. Мерзімінде мәмілелер бойынша баға белгілеудің тәртібі

18. Мерзімінде мәмілелер бойынша тазартылған қымбат металдардың ұсыным бағасын сатушы белгілейді.

19 <\*>

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.09.21.

N 1360 қаулысымен. P971360\_

20. Бір трой унциясы үшін алдыңғы жұмыс күніндегі АҚШ долларымен

ҚМРЛА-ның фиксингі (алты, платина және палладий үшін - таңертеңгі фиксингі) шұғыл контрактілер бойынша тазартылған қымбат металдардың бастапқы базалық ұсыным бағасы болып табылады, Комиссия контракт мерзіміне және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің кредит аукционында саудаласу кезінде қолданылған ставкаларға қарай жеңілдікті бағалар шегеріліп, белгіленгеннен кейін ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің АҚШ долларына теңгенің ағымдағы ресми бағамы бойынша теңгеге аударылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылығы сатып алудан бірінші бас тарту құқығын іске асыруы үшін ғана бастапқы базалық баға белгіленеді. Аталған құқық іске асырылғаннан кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық бастапқы базалық баға деңгейіне саудаласу бағасы жеткенге дейін саудаласуға қатысушылар үшін бірдей шарттармен қатысады. Егер саудаласудың бағасы бастапқы базалық бағадан төмен түссе, онда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық тағы да баға төмендеген әрбір сатыда бірінші бас тарту құқығына ие.

## 6. Саудаласуды жүргізу процедуралары

Қолда бар қымбат металдардың бастапқы саудаласуын жүргізудің процедурасы

21. Қолда бар қымбат металдарға түскен өтініштердің негізінде Комиссия оларға алғашқы сұраным мен ұсынымның жиынтық ведомосын жасайды.

22. Саудаласуды жүргізуші алғашқы сұраным мен ұсынымды, алдыңғы жұмыс күніндегі ҚМРЛА-ның фиксингін, қойылған металдардың сипаттамасын, сатушының бағасын жариялайды.

23. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылығының осы Ереженің 15-тармағына сәйкес бірінші кезекте бас тарту құқығын іске асыру үшін саудаласуды жүргізуші бастапқы базалық бағаны жариялайды.

24. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылығының бірінші кезекте бас тарту құқығы іске асырылғаннан кейін саудаласуды жүргізуші алдын-ала өтініштер негізінде ұсынымның ең жоғары бағасын жариялап, сатуға өтініштердің қанағаттандырылуы туралы сатып алушыларға сұрау салады.

25. Сатып алуға жарияланған өтініштер олардың жариялану ретіне қарай қанағаттандырылады.

26. Саудаласуға қатысушылардың бірнешеуі бір мезгілде сатып алуға өтініш бергені жарияланған жағдайда және сатуға ұсынылған металдың саны жетіспесе,

сатып алуға өтініштер сатып алушылардың арасында жарияланған өтініштердің үлесіне қарай қанағаттандырылады.

Егер сатуға өтініштер толық қанағаттандырылмаса, яғни сатып алынған металдың саны сатуға ұсынылған металдың санынан аспаса, онда сатылған металл сатушылардың арасында сатуға өтініштердің үлесіне сәйкес бөлінеді.

27. Егер сатуға өтініштер жарияланған баға бойынша қанағаттандырылмаса, онда саудаласуды жүргізуші бағаны төмендетеді.

28. Саудаласу барысында бағаның деңгейі бастапқы базалық деңгейден төмен түссе, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың бірінші бас тарту құқығы іске асырылғаннан кейін сатушы кез-келген мезетте ұсынылған металды саудаласудан шығарып тастауға құқығы бар.

29. Саудаласуға шығарылған тазартылған қымбат металдардың сатылмағандарын, сондай-ақ сатушылардың осы Ереженің 28-тармағына сәйкес саудаласудан алып тастағандарын сатушы өз ұйғарымымен сата алады.

Бұл тазартылған қымбат металдарға Комиссия олардың сатушысына одан әрі өз ұйғарымымен сатуға құқық беретін, соның ішінде сыртқы рынокта да куәлік береді, бірақ бұл металдар саудаласудан шығарылған күнінен асырылмай ҚМРЛА-ның фиксингінің жеңілдікті бағасымен немесе металдар саудаласудан шығарылған бағасынан түсірілмей, ҚМРЛА-ның фиксингінің жеңілдікті бағасымен немесе металдар саудаласудан шығарылған бағасынан түсірілмей, ҚМРЛА-ның фиксингінен асырып береді.

Мерзімділік мәмілелер, бойынша бастапқы  
саудаласуларды жүргізудің процедурасы

30. Мерзімділік контрактілерге түскен өтініштер негізінде Комиссия алғашқы сұраным мен әрбір саудаласу бойынша мерзімдік контрактілерге ұсынымдардың жиынтық ведомосын жасайды.

31. Саудаласуды жүргізуші алғашқы сұраным мен ұсынымды, алдыңғы жұмыс күніндегі ҚМРЛА-ның фиксингі бағасын жариялайды, қойылған контрактінің сипаттамасының ұсыным бағасын береді.

32. Осы Ереженің 20-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың бірінші кезекте бас тарту құқығын іске асыру үшін саудаласуды жүргізуші бастапқы базалық бағаны жариялайды.

33. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылықтың бірінші кезекте бас тарту құқығы іске асырылғаннан кейін саудаласуды жүргізуші алғашқы өтініштердің негізінде ең жоғарғы ұсыным бағасын жариялайды және сатуға өтініштердің

қанағаттандырылуы туралы сатып алушыларға сұрау салады.

34. Сатып алуға жарияланған өтініштер олардың жариялану ретіне қарай қанағаттандырылады.

35. Саудаласуға қатысушылардың бірнешеуі бір мезгілде сатып алуға өтініш бергені жарияланған жағдайда және сатуға ұсынылған металдың саны жетіспесе, сатып алуға өтініштер сатып алушылар арасында олардың өтініштерінің үлесіне қарай қанағаттандырылады.

Егер сатуға өтініштер толық қанағаттандырылмаса, яғни сатып алынған металдың саны сатуға ұсынылғанынан аспаса, онда сатылған металл сатушылардың арасында олардың сатуға өтініштерінің үлесіне қарай бөлінеді.

36. Егер сатуға өтініштер жарияланған баға бойынша қанағаттандырылмаса, онда саудаласуды жүргізуші бағаны түсіреді.

37. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық бірінші бас тарту құқығын іске асырғаннан кейін және саудаласу барысындағы баға бастапқы базалық бағадан төмен деңгейге түссе, сатушы кез келген мезетте ұсынылған металды саудаласудан шығарып тастауға құқығы бар.

38. Тазартылған қымбат металдар саудаласуға қойылып,

сатылмағандарын, сондай-ақ саудаласудан шығарылғандарын сатушылар өз ұйғырымына қарай сата алады.

Бұл тазартылған қымбат металдарға Комиссия олардың саудаласудан өткен фактіні растайтын және олардың сатушысына одан әрі өз ұйғырымымен сатуға құқық беретін, соның ішінде сыртқы рынокта да, куәлік береді, бірақ бұл металдар саудаласудан шығарылған күнінен асырылмай ҚМРЛА-ның фиксингінің жеңілдікті бағасымен немесе металдар саудаласудан шығарылған бағасынан түсірілмей, ҚМРЛА-ның фиксингінен асырып беріледі.

7. Бастапқы саудаласудағы есеп айырысудың тәртібі

Қолда бар мәмілелер бойынша есеп айырысудың тәртібі

39. Сатып алынған металдың құны алтынның, платинаның және платина тобындағы металдардың химиялық таза салмағы негізінде және күміс кесегінің алтын, платина және платина тобындағы металдар үшін трой унциясының үш ондық таңбасына дейін және күміс үшін трой унциясының екі ондық таңбасына дейін түзету енгізілген жалпы (лигатуралық) салмағы негізінде айқындалады.

40. Бастапқы саудаласудың нәтижесі бойынша қатысушылар



саудаласуға барлық қатысушылар үшін міндетті шарттар жасайды.

Шартта мынадай дерек көрсетіледі:

лоттың нөмірі;

осы лоттағы сатылған-сатып алынған металдың саны;

сатушы - сатып алушы;

сату-сатып алу бағасы және оның түсірілген мөлшері;

есеп айырысу мен жіберілім шарттары;

тараптардың жауапкершілігі.

Шарттың негізінде:

сатып алынған тазартылған қымбат металдардың құнын сатып алушы, сатушының шотына мәміле жасалған күннен 5 жұмыс күнінен кешіктірмей аударады;

сатушы тазартылған қымбат металдарды сатып алушының қоймасына (егер, тазартылған қымбат металдар Қазақстан Республикасының аумағында болса) жеткізеді немесе өкілетті банктердің метал шотына (егер тазартылған қымбат металдар Қазақстанның аумағынан тыс болса) саудаласу жүргізілген күнінен 5 жұмыс күнінен кешіктірмей аударады.

Егер төлем және жіберілім күні демалыс немесе мереке күніне орайласып келсе, онда ол келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

41. Саудаласуға қатысушылар есеп айырысу іске асырылғаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей есеп айырысу іске асырылған фактісін растайтын құжаттардың көшірмесін Комиссияға тапсыруы тиіс. Мұның өзінде әрбір тарап мынадай құжаттарды тапсырады:

сатушы шартқа сәйкес соманың алынғаны туралы шотынан көшіріле жазып береді;

сатып алушы алынған тазартылған металдың саны шұғыл мерзім шартына сәйкес келетін қабылдау актісін (немесе металл шоты бойынша көшірмесін) тапсырады.

42. Есеп айырысу мен тазартылған қымбат металдар жіберілімінің мерзімі бұзылған жағдайда саудаласуға қатысушылар төлем 0,2 процент мөлшерінде немесе жіберілім сомасының төлем немесе жіберілім кешіктірілген әрбір күн үшін өсім төлеуге міндетті.

43. Қолда бар тазартылған металдардың құнын төлеуді сатып алушы сатушыға қосылған құн салығын ставка бойынша төлеп, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген салық заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

## Мерзімдік мәмілелер бойынша есеп айырысу тәртібі

### 44. Сатып алынған металдың құны алтынның, платинаның және

платина тобындағы металдардың химиялық таза салмағы негізінде және күміс кесегінің алтын, платина және платина тобындағы металдар үшін трой унциясының үш ондық таңбасына дейін және күміс трой унциясының екі ондық таңбасына дейін түзету енгізілген жалпы (лигатуралық) салмағы негізінде анықталады.

45. Жүргізілген саудаласу нәтижесінде тіркелген барлық мәмілелер барлық саудаласуға қатысушылар үшін міндетті болып табылатын шұғыл шартпен ресімделеді. Шұғыл шартта мынадай ақпарат беріледі:

лоттың нөмірі;

осы лоттағы сатылған-сатып алынған металдың саны;

сатушы - сатып алушы;

сату-сатып алу бағасы және оның кемітілген мөлшері;

есеп айырысу мен жіберілім шарттары;

тараптардың жауапкершілігі.

46. Шарттың негізінде:

сатып алынған тазартылған қымбат металдар құнының алдын ала төленген сомасын лоттың шарттарына сәйкес сатып алушы сатушының шотына бастапқы саудаласу күнінен 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жіберілетін мерзімде аударарды.

Алдын ала төлем сомасы мәміле құнына процентпен айқындалады және оның мөлшері осы Ереженің 19-тармағына сәйкес мәміленің мерзіміне байланысты;

сатушы тазартылған қымбат металдарды сатып алушының қоймасына (егер тазартылған қымбат металдар Қазақстан Республикасының аумағында болса) мерзімдік шарттың есеп айырысу күні жеткізуі тиіс (яғни, тазартылған металл бөлігінің нақты жеткізілім күні) немесе өкілетті банкінің металл шотына (егер тазартылған қымбат металдар Қазақстан Республикасының аумағынан тыс болса) аударарды. Сатып алушы сатып алынған тазартылған қымбат металл бөлігінің жіберілген күні ҚМРЛА-ның фиксингі бағасы бойынша есептелген, жеңілдікті бағасы және алдын ала төленген сомасының тиісті бөлігі шегерілген құнын жіберілім күнінен 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей аударуы тиіс.

Егер төлем және жіберілім күні демалыс немесе мереке күніне орайлас келсе,

ол келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

47. Саудаласуға қатысушылар есеп айырысу іске асырылғаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей есеп айырысу іске асырылған фактісін растайтын құжаттардың көшірмесін Комиссияға тапсыруы тиіс. Мұның өзінде әрбір тарап мынадай құжаттарды тапсырады:

сатушы мерзімдік шартқа сәйкес соманың алынғаны туралы шотынан көшірме тапсырады;

сатып алушы алынған тазартылған металдың саны мерзімдік шартқа

сәйкес келетін қабылдау актісін (немесе металл шоты бойынша көшірмесін) тапсырады.

48. Есеп айырысу мерзімі бұзылған жағдайда саудаласуға қатысушылар жіберілімнің және төлемнің кешіктірілген әрбір күні үшін тазартылған қымбат металдардың төлем және жіберілім сомасының 0,2 % мөлшерінде төлем төлеуі тиіс.

49. Мерзімдік контрактілер бойынша сатып алынған тазартылған қымбат металдардың құнын төлеуді сатып алушы сатушыға қосылған құн салығын ставка бойынша төлеп, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген салық заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 20 қарашадағы  
N 1580 қаулысына  
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Қымбат металдар,  
асыл тастар және зергерлік бұйымдар жөніндегі  
ведомствоаралық кеңесінің  
ҚҰРАМЫ

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
орынбасары, Кеңестің төрағасы

Кеңес мүшелері:

Дамитов Қ.Қ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Басқармасы төрағасының орынбасары

Котенко Н.Л. - Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының  
Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөлімінің  
менгерушісі

Мұртазаев М.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және  
сауда министрінің орынбасары

Шкляр В.В. - Қазақстан Республикасы Кеден комитеті  
төрағасының орынбасары

Әбітаев Е.А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің  
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК